



АЛДЫН АЛА ТҰЖЫРЫМДАМА БЕРУ ПРОЦЕДУРАСЫ

(по желанию Компании)

ПРОЦЕСС

- ▶ Биржамен КЖ/ТҚҚ сауалнамасын және ішкі бақылау құжаттарын келісу
- ▶ Алдын ала тұжырымдама мен құжаттарды алуға өтінішті қарауға жіберу
- ▶ Листингілік алымдарды төлеу
- ▶ Алдын ала тұжырымдама мен құжаттарды алуға арналған өтінішті Биржамен келісу
- ▶ Алдын ала тұжырымдама беру

ПРОЦЕСТІҢ СИПАТТАМАСЫ

Рұқсаттама бастамашысының КЖ/ТҚҚ сауалнамасы және КЖ/ТҚҚ сауалнамасында көрсетілген мәліметтердің дұрыстығын растайтын құжаттар, сондай-ақ халықаралық экономикалық санкциялар режимінің сақталуын куәландыратын ішкі бақылау құжаттары *бағалы қағаздарды Биржаның ресми тізіміне енгізу туралы өтініш берілгенге дейін Биржаға ұсынылуы тиіс*

Рұқсаттама бастамашысы Биржаға алдын ала тұжырымдама алуға өтінішті (еркін нысанда), сондай-ақ *Листингілік ережелерге 2 қосымшаның 2 кестесінде көрсетілген құжаттарды ұсынады*

Биржа рұқсаттама бастамашысына алдын ала алымды төлеуге арналған шотты Биржа алдын ала тұжырымдама алуға және құжаттарды қарауға *өтініш алған күннен кейінгі жұмыс күнінен кешіктірмей ұсынады.*

Алдын ала алым белгіленген мерзімде төленбеген жағдайда Биржа рұқсаттама бастамашысына алдын ала тұжырымдама беруден бас тартуды жібереді.

Биржаның бағалы қағаздардың және/немесе олардың эмитентінің листингілік критерийлерге және/немесе Листингілік ережелерде белгіленген талаптарға және құжаттарға қойылатын талаптарға сәйкестігін тексеру мерзімі, сондай-ақ рұқсаттама бастамашысымен мемлекеттік емес облигациялардың шығарылым аңдатпасының жобасын Биржаның келісуі рұқсаттама бастамашысы алдын ала тұжырымдама алуға және құжаттарды қарауға *өтініш берген күннен кейінгі 10 жұмыс күнінен аспайды.*

Биржа алдын ала тұжырымдама алуға және құжаттарды қарауға берген өтінішті рұқсаттама бастамашысымен келісілген күннен кейінгі 2 жұмыс күнінен кешіктірмей, алдын ала тұжырымдама береді